

«F.Актаев атындағы № 6 мектеп-гимназиясы» КММ

БҮЙРЫК

Ақтобе қаласы

№ 131.19

«31» тамыз 2023 жыл

Оқушыларға рухани-жыныстық
тәрбие беру туралы

Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздығы № 345 Заны, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заны, «Балаларды деңсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін акпараттан корғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заны, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заны, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» кодексі пен тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заны және Ақтобе облысының білім басқармасының № 2-3292 нұсқау хаты негізінде және қыз балаларға рухани-жыныстық, рухани-адамгершілік тәрбие беру, кәмелетке толмагандар арасында ерте жүктіліктің және жыныстық колсұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:

- 1.Кәмелетке толмагандар арасында ерте жүктіліктің, жыныстық колсұғылмаушылықтың алдын алу және рухани-жыныстық тәрбие беру мақсатында білім алушылары, ата-аналары үшін медицина, полиция, құқық қызыметкерлерінің катысуымен дәрістер, кездесулер, дөнгелек үстелдер және т.б. шаралары өткізілсін;
- 2.Оқушыларға рухани-жыныстық тәрбие беру мақсатында қосымша білім беру бағдарламасында берілген тақырыптарды орындалсын;
- 3.Мектепте және мектептен тыс орындарда оқушылар ережелерін катаң сақтау жөнінде барлық ата-аналары мен оқушылары таныстырылсын;
- 4.Білім алушылар мектеп өмірінде және қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелеріне сәйкес, қоғамдық-адамгершілік нормаларын сактауга, құнделікті тұрмысты үйімдастыруға, иманды мінез-құлық дағдылары мен әдептілікке тәрбиелеу мақсатында мектепте және мектептен тыс мекемелерде өтетін іс шараларға катыстырылсын;
- 5.Мектепте қыз балаларға инабаттылық, сымбаттылық, рухани-адамгершілік, рухани-жыныстық тәрбие беру мақсатында «Инабат» қыздар клубының құрамы, жұмыс жоспары бекітіліп, жұмысы жалғастырылсын;
 - 5.1.Жаңа оку жылында «Инабат» қыздар клубының жетекшісі аға-тәлімгер Г.Сайлаубаева және оқушылар арасында қыздар кеңесінің төрайымы бекітілсін;
 - 5.2. «Аналар кеңесі» аналары, әжелері қыз балалар арасында адамгершілік пен инабаттылыққа тәрбиелеу бағытында оқушылармен жұмыстар жүргізу 1-11-сынып жетекшілеріне және аға тәлімгер, «Инабат» қыздар клубының жетекшісі Г.Сайлаубаевага міндеттелсін;
- 6.Кәмелетке толмагандар арасында ерте жүктіліктің және жыныстық колсұғылмаушылықтың алдын алу жұмыстары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.З.Матаевага, Г.Т.Жүсіпке жүктелсін.
- 7.Осы бүйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназиясы директоры

Ж.О.Романова

